

Н ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

7 март Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйым.

Әрбір колхозда жұмыс малдарын бағып күтудің нақты шараларын белгілеу, сөйтіп, ол шаралардың толық іске асырылуын қамтамасыз ету арқылы жұмыс малдарының көктемгі-жазғы жұмысқа ойдағыдай әзір болуын қамтамасыз етуміне, жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының және колхоз, совхоз басшыларының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі осы.

ҚЫЛЫҚ- Н СЫН

сыз. Олар әрі суық, әрі

ын күту ісіндегі бұл
Преснов ауданының
ы, Абай атындағы және
ы колхоздарында да жоқ
жұмыс малдарының
төмен, оларды күту ісін-
жауапсыздық орын теп-

егіске әзірліктің ең
е жұмыс малдарын кү-
ты кемшілікке тәуелді.
Сондықтан көктемгі ма-
жұмыс малдарын әзір-
лхоздар мен совхоздар-
ымдастырып, бұл істе
ату керек. Бұл — аудан
вхоз басшыларының, әсіре-
аса абройлы міндеті.

ын дала жұмыстарына
у дегеніміз — оларды
бару, сөйтіп, олардың
мтамасыз ету, барлық
рді қыстап күйлі шыға-
ды мінез жүзеге асыру
з бен совхозда жұмыс
інен бастап егіс брига-
берілісін және әрбір
арды күтуге таңдаулы

ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы

Одақ Советінің 1952 жылғы 5 марттағы мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

5 мартта, күндізгі сағат 2-де, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Одақ Советінің үшінші сессиясы ашылды.

Председательлік етуші — Одақ Советінің Председателі депутат М. А. Яснов тоғыз сайлау округінде кетіп қалған депутаттардың орнына Одақ Советінің депутаттығына жаңадан сайланғандардың өкілдіктерін тексеру нәтижелері туралы баяндама жасау үшін Мандат Комиссиясының Председателі депутат А. М. Пузановқа сөз берді.

Депутат И. П. Петровтың ұсынысы бойынша Одақ Советі мынадай қаулы алды:

«Мандат Комиссиясының баяндамасын тыңдап Одақ Советі қаулы етеді:

1951 жылы 27 майда № 430 Мелитополь сайлау округі бойынша, 1951 жылы 24 июньде № 1 Ленин сайлау округі бойынша және № 203 Сызрань сайлау округі бойынша, 1951 жылы 1 июльде № 251 Сердобази сайлау округі бойынша, 1951 жылы 28 октябрьде № 274 Балашов сайлау округі бойынша және № 327 Магнитогор сайлау округі бойынша, 1951 жылы 23 декабрьде № 447 Тарашан сайлау округі бойынша, 1952 жылы 27 январьда № 587 Карағанды селолық сайлау округі бойынша және 1952 жылы 24 февральда № 26 Егорьев сайлау округі бойынша сайланған Одақ Советі депутаттарының өкілдіктерін дұрыс таңу туралы Мандат Комиссиясының баяндамасы бекі-

Ұлттар Советінің 1952 жылғы 5 марттағы мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

5 мартта, күндізгі сағат 4-те, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Ұлттар Советінің үшінші сессиясы ашылды.

Председательлік етуші — Ұлттар Советінің Председателі депутат Ж. Шаяхметов тоғыз сайлау округінде кетіп қалған депутаттардың орнына Ұлттар Советінің депутаттығына жаңадан сайланғандардың өкілдіктерін тексеру нәтижелері туралы баяндама жасау үшін Мандат Комиссиясының Председателі депутат И. Г. Назинге сөз берді.

Депутат И. С. Грушецкийдің ұсынысы бойынша Ұлттар Советі мынадай қаулы алды:

«Мандат Комиссиясының баяндамасын тыңдап, Ұлттар Советі қаулы етеді:

1951 жылы 27 майда Грузия ССР-дегі № 126 Сухуми қалалық сайлау округі бойынша, 1951 жылы 24 июньде Оңтүстік-Осетия автономиялы облысындағы № 619 Знаур сайлау округі бойынша, 1951 жылы 8 июньде РСФСР-дегі № 15 Горький сайлау округі бойынша, 1951 жылы 29 июльде Мордва АССР-дегі № 508 Краснослободка сайлау округі бойынша, 1951 жылы 30 сентябрьде РСФСР-дегі № 12 Краснодар сайлау округі бойынша, Дағыстан АССР-дегі № 450 Хунзах сайлау округі бойынша және Нагорно-Карабах автономиялы облысындағы № 601 Гадрут сайлау округі бойынша, 1951 жылы 25 ноябрьде Литва ССР-дегі № 183 Паневеж селолық сайлау округі бойынша және Татар АССР-дегі № 543 Ново-Шешмин сайлау округі бо-



Москва, 2 мартта Гоголь бульварының орыстың ұлы жазушысы Н. В. Гоголь салтанатты түрде жаңа ескерткіш ашылды.
СУРЕТТЕ: Н. В. Гогольге (скульптор Н. Томскийдің жұмысы) ескерткіш. (СОТА-ның фотохроникасы).

пұны нашар та шылық жасады, жұмыстың мұндай аса маңызды участогі мен өте аз шұғылданады. Олар жұмыс малдарының оңаша күтімге алынып, олардың мезгілінде және дұрыс азықтандырылуын колхоз және совхоз басшыларынан қатты талап етіп отырмайды.

Жұмыс малдарының күйі Булаев ауданының «Победа», Карл Маркс және Совет ауданының «Қазақстанның 30 жылдығы» сияқты колхоздарында мүлдем төмен. Бұларда, еңалдымен, негізгі жұмыс малдары аттар мен өгіздер тұратын

жұмыстарға толық және тиімді пайдалануға болады.

Әрбір колхозда жұмыс малдарын бағын күтудің нақты шараларын белгілеу, сөйтіп, ол шаралардың толық іске асырылуын қамтамасыз ету арқылы жұмыс малдарының көлемгі - жазғы жұмысқа ойдағыдай әзір болуын қамтамасыз ету — міне, жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының және колхоз, совхоз басшыларының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі осы.

— 00 —

Ғариф Измаиловтың 200 скважинасы

МАКАТ, (Гурьев облысы). 5 март (СОТА). Бүгін Ғариф Измаиловтың күрделі жөндеу бригадасы бұдан бұрын досқа тұрған скважинаны пайдалануға кесті. Ол мұнайдың алғашқы тонналарын бере бастады. Бұл Эмбаның карт мұнайшысы іске қосқан 200 - скважина.

Ғариф Измаилов өндіріске бұдан 40 жыл бұрын келді. Оны бірінші рет бұрғылау бригадасына жұмысшы етіп жіберген болатын. Ол уақытта техника жетілмеген әлсіз еді. 150 метрлік скважиналарды бірнеше айлардың ішінде шапшаңдатылған әдіспен бұрғылайтын. Көзір

мұндай жұмыстар бірнеше күннің ішінде біте береді.

Измаилов бригадасы ротор, шайғын насос, электр лебедкасы және басқа әртүрлі аспаптармен жабдықталған. Механизмдер қол жұмысын мүлдем жойды.

Эмбаның ең қарт мұнайшысы бүктетілген штангілерді көтеру үшін лобитель ойлап шығарды, скважинаны пайдаланудың жаңа технологиясын жасады. Ол жұмыстың өнімін екі есе арттырды. Көзір, Эмбада Измаиловтан үлгі алған ондаған бригадалар жұмыс істейді.

Коммунизмнің құрылыстары үшін

Алматының ауыр машина жасайтын заводының коллективі бұл күндерде коммунизмнің ұлы құрылыстарының құрметті заказдарын орындау жолында қажырлы еңбек етіп келеді. ССРО Жоғарғы Советі сессиясының құрметіне социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, машина жасаушылар апрель айы есебіне бұрғы аспаптарын жасап шығара бастады. Еділ мен Днепр құрылысшыларының заказдары бойынша бұрғы станоктарын жабдықтап жатқан Бузулуктың машина жасау зауытына бүгін графиктен тыс 3 вагон болат штангы жөнелтіледі.

Электр станциялар Министрлігінің Алматыдағы механикалық зауытының коллективі ССРО Жоғарғы Советінің сессиясын лайықты тартулармен қарсы алды. Бұл завод Қаховка су электр станциясы мен Туркмен бас каналы үшін 18 конвейерлі транспортер жөнелтті. Бұлар жер қазу жұмыстарына арналған. Кәсіпорнының коллективі бұл жабдықтарды жоспар бойынша екінші- үшінші тоқсанда жөнелтуі керек еді.

(ҚазТАГ).

Колхозды селонның көшелерін асфальттау

СЕЛИДОВКА (Сталин облысы). (СОТА). Жданов атындағы және Хрущев атындағы ауылшаруашылық артельдерінің колхозшылары өз селоларын көркейтуде. Негізгі үш көше — Орталық, Красноармейск және Совет көшелері

асфальтталған. Тротуарлар жасалған, жеміс ағаштары егілген, электр шамдары орнатылған.

Өткен жылы селоны көркейтуде жергілікті бюджеттен 40 мың сомнан аса, ал бұйыл 50 мың сом қаржы бөлініп отыр.

зылу» колхозының қорамдық малы тез өсіп келеді. Мәселен, өткен жылы басқа жылдармен салыстырғанда мұнда мал саны біржарым есеге жуық көбейді. Сол сияқты, соңғы бір-екі жыл ішінде малдан алынатын өнім мөлшері де елеуір артты.

Мал саны өсіп, одан алынатын өнімнің артуының негізгі сыры сол — мал шаруашылығында өз ісін жете білетін колхозшылар тұрақты жұмыс істейді. С. Сапарова, М. Махметова, Н. Жетпісова, Т. Садуақасов, Б. Жоланова және М. Келдігулова — мал өсірудің шын мәніндегі озаттары. Бұлардың әрқайсысы мал өсіруде жылма-жыл жоғары көрсеткіштерге ие болып жүргендер. С. Сапарова, М. Махметова, Б. Жоланова және тағы басқалары — колхоздың ең таңдаулы сауыншылары. Сыйырдан сүтті көп алумен бірге, олар жыл сайын қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан бір-бір бузау алып, оларды шығынсыз өсіріп келеді.

Осы колхозға көршілес «Смычка» және Сталин атындағы колхоздар да мал шаруашылығын жедел қарқынмен өркендетіп, одан қажетті мөлшерде өнім алынып отырса, бұл да мал өсірушілердің малды жылдар бойына жақсы күтімде ұстап, шығынсыз өсіруінің игі нәтижесі. «Смычка» колхозының А. Сивенко, Н. Хобенко, В. Беева және З. Пантухова сияқты шошандары өткен жылы қарамағындағы қойларды ұдайы жақсы күтімде ұстады да, әрбір 100 саулықтан 118-ден қозы алды. Осының нәтижесінде бүкіл колхозда қой өсіру жөніндегі жылдық жоспар толық орындалды. Сондай-ақ, Сталин атындағы колхоз малшыларының да табыстары бұдан кем емес. Колхоз мүшелері өткен жылы малды бағып, күту ісін ойдағыдай ұйымдастырды да, оның әсеріне төлдің шығынсыз өсірілуін қамтамасыз етті.

Көзір жоғарыда аталған колхоздардың мал өсірушілері мал қыстатуда жанаймай еңбек етуде, төлді аман сақтауда, малдың қонын үздіксіз жақсарта түсуде.

А. СУРАҒАНОВ,
зоотехник.

ҚК(Б)И Орталық Комитетінің қой шаруашылығын өркендету, жүн дайындауды арттыру жөніндегі қаулысына жауап ретінде «Эввет Ильича» колхозының (Мамлют ауданы) шошандары бұйылғы жылы қой өсіруде күрделі табыстарға жетуге міндеттенген еді.

Бұл міндеттемені мінез орындау үшін шошандар қойды шығынсыз өсіру, төлді аман сақтау, қой қыркуды үлгілі өткізіп, жүн дайындауды арттыру жөнінде өзара социалистік жарысқа ұштасты. Колхоздың қой фермасына 2 мыңнан астам қой бар. Күнбе-күн өнімді еңбек етіп, шошандар бұл қойларды қыстан шығынсыз өсіріп келеді. Қойларға күн сайын әртүрлі құнарлы азық беріледі.

Қой өсіруде П. Сияқова және Ф. Хусайынова сияқты шошандар естахановтық

тарға ие және қоз Озат шошандық қозы беріледі. Бұл 306 қозы

Колхоз маусымғы Ферма жиналған Бұған қана жеміс беріледі.

ССРО құрметіне шошандар өсіріп бұры

Нақтылы басшылық

Малды қыстық жемшөппен және жыл, жарық қорамен жеткілікті қамтамасыз етпейінше, мал қыстатуды үлгілі өткізуге болмайды. Бірақ, өткен жылы «30 лет Казахстана» колхозының (Бонюхов ауданы) басшылары бұған жете назар аудармады; жемшөп дайындау және мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарына голда бар күш-мүмкіншілікті түгел жұмылдырмады. Осының салдарынан мұнда жемшөп өте аз дайындалды, мал қораларын салу, жөндеу жұмыстары да дерексізінде аяқталмады, олардың көпшілігі дерлік санасыз жөндеді. Мұның өзі көзір малдың қысқы күтімінің нашар ұйымдастырылуына әкеліп соғып отыр.

Фермаларда еңбек ұйымдастыру өте төмен. Малды бағып, күтуде үлкен кемшіліктер бар. Малға жемшөп нормасыз беріледі. Колхоз басшылары, әсіресе, мал фермаларының меңгерушілері әрбір малға азықтың күнбе-күн тағайындалған норма бойынша өлшеніп берілуін, малдың дұрыс азықтандырылуын малшылардан талап етпейді.

Көзір, колхозда малдың күтімі нашар, қоңы төмен. Жемшөптің дұрыс берілмеуі мен бірге, қоралар да жайсыз. Мұнда

бұйылғы нан 170-

Ішті м Бірақ, ма да болсын колхоз бағы, жары қа дейін мұның ойла жылығы дәрежеде се, жайлы шығын б

Бұл қо нашар ұй себебі — лей еңбек коммунист ақ, ауыл рілген. Б еңбек өні мін, жұм соғып от

Мал қо ған жемш ол күнбе беріліп ж ешкім есе

Ы Л Ы С Ы К Советінде

ткен жылғы комбайнмен 400 центнер ашығы депу карамағын р еүт сау айда артық аруашылығы депутат Об лықтай жұ есету керек. ауылшар айде және е Совет ат ашыларына в атындағы ық мал ба йткен арты малшылар. істете оты інше азайт маусымн ық малды қамтамасыз рушыларчн ылай. ыс мәселе жұмысында ғы. Мұнда не алты ілердің мә ку үйі, бір төрт радио магазин ең теп отыра базалар яе мал фер шаруашы ыра бөлегі о мен сов

мен радио кеңінен енгізілуде. Бір мың шамалы үйде Ильяч шамы жарқырайды, 700-ден астам үйге радио орнатылған. Бұл мәдени құрылыс жұмыстарын жүргізуде де, ең алдымен, депутаттар және тиісті тұрақты комиссиялар көп жұмыстар істеді. Депутат Захарьков жолдас төлемн көркейту комиссиясын басқарады. Ол басқарған комиссия өткен жылы үй іргесіне көркейткіш ағаштар отырғызу жұмысын басқарды. Басқаларға үлгі көрсетіп, Захарьков жолдасын өзі 1000 түп ағаш отырғызды. Депутат Қаржан жолдас басқарған комиссия селолық Советтегі мектептердің жазғы маусымда жақсылап жөнделуіне, қысқа кездегі отынмен, тағы басқа жабықтармен қамтамасыз болуына көп көңіл бөліп, көмек көрсетті.

Селолық Советтің жақында болып өткен сессиясында 1951 жылғы социальдік жарыста алынған міндеттемелердің орындалу қорытындысы талқыланды. Депутаттар Совет жұмысында қолжеткен бірнеше жетістіктермен бірге, орын алған кейбір кемшіліктер, олардың себептері жөнінде де айтты. Осы сессия мәжілісінде селолық Советке Полудель ауданындағы үздік селолық Совет ретінде аудандық Совет атқомі мен КК(б)П аудандық комитетінің Қызыл Туы тапсырылды.

Төкшын селолық Советінің депутаттары мен активтері, тұрақты комиссиялары бұл күндері мал қыстату маусымға ойдағыдай аяқтауды және алдағы көктемгі егіске деңгейінде тырғылықты әзірленуді қамтамасыз ету үшін және еңбекшілер арасындағы мәдени-көпшілік жұмыстарды одан әрі жақсарту үшін белсенді күрес жүргізуде.

Б. МЫРЗАЛИН,
облыстық Совет атқомінің

Теория мен тәжірибенің бірлігі

Шаруашылық және мәдени құрылыс саласында теорияны тәжірибе жүзіндегі міндеттерді шешудің кілті ретінде қолдану, теорияның дұрыстығын тәжірибеде тексеру күнбе-күнгі жұмысымызға көп көлемде енгізіліп келеді. Жақында «Совет» колхозында (Совет ауданы) аудандық ауылшаруашылық бөлімінің зоотехник-методисі А. Безубов жолдас бұзау құтушілерге «Бұзауды сүт беріп өсірудің әдісі» деген тақырыпта лекция оқыды. Ол лекциясында колхозда бұзау құтудің үлкен кемшіліктерін көрсетті және бұзау құтудің дұрыс, ғылыми әдісін түсіндірді. Лекциядан кейін колхозшылар тәжірибе жұмысын өткізді.

Төнді азықтандырудың дұрыс әдісін қолдану қазір тиісті нәтижесін көрсетіп отыр. Колхозда бұзау шығыны жойылды, малды бағып құту жақсарып келеді.

Мәдениет үйінде

Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінде мәдениет үйі бар. Бұл үйге кітаптар мен журналдар, газеттер қойылды.

Мәдениет үйінің меңгерушісі Э. Ыбыраев жолдас колхозшылар арасында үгіт жұмысын өрістету жұмысына белсене араласуда.

Мәдениет үйінде шахмат, дойбы үйірмелері жұмыс істейді. Мұнда жаңа шыққан әдебиет кітаптарына арналған оқушылар конференциясы болып тұрады.

Жуырда Фабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» атты кітаптарға арналған оқушылар конференциясы болып өтті.

Республикада бірінші орын

1951 жылдың төртінші тоқсанындағы социальдік жарыстың қорытындысы бо-

Болгар халқы Н. В. Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл толуын атап өтуде

СОФИЯ, 4 март. (СОТА). Н. В. Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл толуын атай келіп, бүкіл Болгария баспасөзі ұлы орыс жазушысына арналған көптеген мақалалар жариялады.

«Ұлы Гоголь» деген басмақаласында «Работническо дело» газеті былай деп жазды:

«Бүгін бүкіл прогресшіл адамзат баласы орыс әдебиеті мен мәдениетінің алыбы, көркемсөздің ұлы шебері Н. В. Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл

ВАРШАВА, 4 март. (СОТА). Польша жұртшылығы Н. В. Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл толуын кеңінен атап өтуде. «Трибуна люду», «Глос праца», «Жице Варшавы» және басқа газеттер ұлы орыс жазушысының творчествосына арналған мақалалар жариялады. ССР Одағында ғана емес, Гогольдің даңқы бүкіл дүниежүзіне мәлім екендігін атай

Н. В. ГОГОЛЬДІҢ ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫН РУМЫН ЕҢБЕКШІЛЕРІ АТАП ӨТУДЕ

БУХАРЕСТ, 4 март. (СОТА). Румын еңбекшілері орыстың ұлы жазушысы Н. В. Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл толуын кеңінен атап өтті. Қалалар мен аудан орталықтарында осы тарихи датаға арналған жыйналыстар болып, Гогольдің творчествосы мен өмірі туралы баяндамалар жасалынып, лекциялар оқылды.

Ұлы орыс жазушысының қайтыс бол-

КЫТАЙДА ГОГОЛЬ КҮНДЕРІ

ПЕКИН, 4 март. (СОТА). Орталық және провинциялық баспасөз бүгін ұлы орыс жазушысы Н. В. Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл толуына арналған материалдар жариялауда. Газеттер Гогольдің портреттерін беріп, совет театр-

толуын атап өтуде. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің қарары бойынша өткізіліп отырған бұл құрметтеу бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік сүйгіш халықтардың бейбітшіліктің туын ұстаушы ұлы Совет Одағына, дүние жүзіндегі ең прогресшіл мәдениет — совет мәдениетіне деген сүйіспеншілік болып табылады.

Газет Гоголь шығармаларының болгар әдебиетінің дамуына аса зор ықпал жасағандығын атап көрсетеді.

«Трибуна люду» газеті былай деп жазады:

«Польша халқы ұлы орыс жазушысын құрметпен еске түсіреді. Көптеген ұрпақтарды рухтандырған оның реалистік шығармалары қаратүнек екіжүзділік және төрешілдікке қарсы бүгінгі біздің күресімізге бақытты болашақ, жаңа адамгершілік үшін күресте бізге көмектесіп отыр».

Ғанына 100 жыл толуына арналған румын Ғылым Академиясының кеше салтанатты мәжілісі болды. «Классикалық орыс әдебиетіндегі Гогольдің орны» деген тақырыпта академик Михаил Садовяну баяндама жасады. Барлық Бухарест газеттері бүгін Н. В. Гогольдің портреттерін беріп, орыс әдебиетіне арналған мақалалар жариялады.

ның мақаласын жариялады. Мақаланың авторы Қытайдың прогресшіл әдебиетіне, әсіресе, ұлы қытай жазушысы Лу Синьнің творчествосына тигізген Гогольдің ықпалы туралы жазады.

товарлармен қамтамасыз ету жөнінде өтетін жұмыстарының қорытындысы бындайды.

Тұтынушылар қоғамының сауда орын-

Есеп беру -сайлау жыйналысында осындай жетістіктермен қатар тұтынушылар қоғамының жұмысында елеулі кемшіліктер болып келгендігі айтылды.

шылар қоғамындағы 794 пай жарнасын төлеушілердің ішінен 138 адам ғана жарналарын уақытылы төлеп отырады.

Ғ. НУРҒАЛИЕВ.

Ал, қоғам председателі дүкеннің бұл жайын біледі. Бірақ оған немкетті қарайды, көпшіліктің тілегімен есептеспейді.

Ү. МӘЖЕНОВ.

ЛОНДОН, 5 март. агенттігінің тілшісі Ла-

Н. Г. Чернышевский шығармалары қазақ тілінде

Орыстың ұлы сыншысы Чернышевскийдің әдеби-сын мақалалары қазақ тіліне аударылып, жеке кітап болып баспадан шықты. Кітапқа Чернышевскийдің Пушкин, Гоголь, Островский, Некрасов, Салтыков-Щедрин, Толстой, Успенский тағы басқа ақын-жазушылардың шығармалары туралы жазған әдеби-сын мақалалары енгізілген.

Ұлы революционер-демократ сыншы шығармаларының қазақ тіліне аударылуы республика өміріндегі мәні үлкен мәдени оқиға.

XIX-ғасырдың орта кезінде патша өкіметі мен помещиктер крепостной шаруаларды жерсіз қалдырып, қайыршылық тұрмысқа душар еткен кезде, правосыз халықтың мүддесін қорғап, батыл күреске үндеген Чернышевский болды. Ол заман Россия монархиясы ордасының негізі шіруі асқынған теректей қопарылып қау-сай бастаған кез еді.

Патшалық самодержавие халінің тым ауыр екеніне Қырым соғысындағы сәтсіздік айқын сыйпаттама болды. Ол кезді...ей байқампаз және ақылды саясатшының өзі де революциялық төңкерістің өрті шығып кетуі мүмкін және шаруалар көтерілісі болу қаупі тым күшті деп мойындауы тиіс еді», —деп сыйпаттады Тенин.

Чернышевский өзінің бар ұшан-теңіз білімін, асқан жігер-қайратын шаруалар революциясына, соның идеяларын на-

сихаттау ісіне сарп етті. 1861 жылғы реформаның мәнін бірден ұғынып, оның тонаушылық сыйпатын аяусыз әшкерелегендердің бірі Чернышевский болды. Ол —алпысыншы жылдарда құлдықтағы халықтың правосын реакцияшыл патша өкімдерінен тайсалмай қорғаған революцияшыл демократтардың көсемі еді.

Пушкиннен кейінгі орыс әдебиетінің бүкіл Батыс Европа әдебиетінен ерекшелігі және артықшылығы сол, ол өмір шындығын айнытпай бейнелеп, адал ниетті, озат пікірлі адамдардың ойын толқытқан әлеуметтік мәселелердің бәрін елбекші халықтың мүддесі тұрғысынан жауап бере білді. Некрасов, Добролюбов, Салтыков-Щедрин, Успенский сыяқты ақын-жазушылардың орыс әдебиетіне көрнекті орын алатыны белгілі. Ал, Чернышевскийді жоғарыда аталған ұлы художниктер өздерінің ақылшысы, досы, көсемі ретінде құрметтеген.

Чернышевский «Не істеу керек?», «Пролог» романдары және өзі өлгеннен кейін жарияланған «Алферьев» атты повестімен қатар көптеген филологиялық, экономикалық және Пушкин, Некрасов, Гоголь, Салтыков-Щедрин, Толстой, Успенский шығармалары туралы әдеби-сын мақалалар жазған данышпан сыншы.

Николай Гаврилович Чернышевский Пушкин туралы еңбегінде: «Орыс қауымында поэзияның шын тамаша көркемдігін танытқан» Пушкин: Пушкиннің тарихы

еңбегі зор, өйткені, ол, орыс жұртшылығына кітап оқуды үйретті, Россия қоғамының назарын көркем әдебиетке мықтап аударды, дейді.

Дүниежүзілік реалистік әдебиеттегі жазушыларды Чернышевский екі топқа бөледі. Жазушылардың бірінші тобы өмір шындығын дұрыс суреттейді, бірақ, оның кімге өш, кімге ниеттес екенін түсіну қиын. Тіпті олар жауыздыққа да сабырлылық көрсететіндей болып елестейді. Жазушылардың екінші тобы өмірді айнытпай бейнелеп, әлеуметтік теңсіздікке шыдай алмай, толқый сөйлейді, кектене сөйлейді, зұлымдыққа өшпенділігін әр сөзімен айқын білдіріп өз үкімін шығарып отырады.

«...Гете ешкімнің бетіне жел болып тимейтін, жүзін жыртайтын; ол жүргінің бәрін бірдей пейілді, жүп-жұмсақ сыпайы... бәрін де селсөк, ыңғайшыл момын үй қожасы, көріне ызғарланып ешкімді қорламақ түгіл, ол тіпті жанға тигендей бірде-бір ишарат та бермейді» дей келіп, жамандықты, арысзандықты және сұмбайлықты «жойқын өшпенді сезіммен әшкерелеген» Гоголь қандай болса, сондай болмаған «көңілшек ақынның» артық құрметтеушілері болуы мүмкін емес дейді.

XIX-ғасырда жазушылардың ешқайсысы да крепостнойлық қоғам құрылысын әшкерелеп, қатал сынау жөнінде Гогольге теңеле алмады. Соның үшін де Гогольді сыншы жоғары бағалап, орыс әдебиетіндегі «Гогольдік бағыттан» үлкен жеміс күтті.

Чернышевский Некрасов пен Салтыков-Щедрин творчестволарын да өте жоғары бағалаған. Некрасов шаруалар революциясының дабылшысы болса, Салтыков-

Щедрин крепостнойлық право мен капитализмді өлтіре әшкерелеуші болды. Дүниежүзі әдебиетінің тарихында Салтыков-Щедриндей капиталистік қоғамның зұлымдығын, адамзегіштік құлқын, яғни тағылық табиғатын алдын ала болжап білген жазушы болған емес. Бұған данышпан жазушының «Головлев мырзалар», «Бір қаланың тарихы», «Осы заманның идиллиясы» және «Губерниялық очерктер» атты шығармалары толық дәлел.

Чернышевскийдің көркемдік сезімі орасан күшті. Данышпан сыншы Л. Н. Толстойдың «Балалық шақ», «Жастық шақ» және «Соғыс әңгімелері» туралы мақаласында жазушының болашағын қатесіз болжаған. Толстой «шаруаның ішіне кіріп шыққандай, —оның мужигі өз жаратылысына тым сәйкес келеді, —оның мужигінің айтқан сөздерінде қоспа да, бөспе де жоқ» дей келіп, болашақ ұлы жазушының психологиялық татдау жасауға талантының күшті екендігін және «моральдік жағы», жазушының үнемі сана-сезім ережелері жөніндегі мәселелерді зерттеуге бейім екендігін асқан көрегендікпен дәлелдеді.

Чернышевскийдің бейнесі орасан зор сәулетті, ол совет жастарына үлгі. Чернышевский жыйырма жылдан артық өмірін әйелі мен балаларынан, Отанға мен халқынан алыс, қыйыр Сібірде өткізді. Бірақ ол, сонда да патша өкіметі алдында тізе бүкпей, асқан табандылық көрсетті. 1874 жылы Сібір генерал-губернаторының адыютанты кешірім сұрап, арыз беруді ұсынғанда: «Рахмет, —деп, оған Чернышевский, —өзіңіз ойлап,

көріңізі, осы мен не раймын? — Бұл шүбәл байқауымша, менің ай-менің бас жаратылысымдар бастығы Шуваловтылысы әртүрлі болғанды Олай болса, мұның үші бола ма? Еңбек еткенін ешбір арыз бермеймін». ұлы рухынан патша шде қатты сескеніпті.

Николай Гаврилович сүйікті есімі ұлы орыс жақын болса, Совет халықтарына да сондай сүйкімді. Ол қалдырған еліміздің басқа тұмсанаты қазақ халқы да орның түрі ұлттық, мазмұ әдебиеті мен искусствосы да дамыта беруде Черни-маларының ықпалы орас-

Біз аса қадірлейтін ж Чернышевскийдің әдеби-мен роман, повестерінде ның көріністері, терең ой асқан көркемдік сезім б сып, жас ұрпаққа үлк олардың мінез-құлқы ме қарасының қалыптасуына ды. Сондықтан Черныше-ларын қазақ совет жаст оны үнемі зерттеп, үйрен

Чернышевскийдің әдеби-рының қазақ тіліне ауда-нығуын өте қуанарлық, білеміз. Ж.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33.2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілім